

Ақай ауылдық округінің шекарасын (шегі) белгілеу туралы

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 12 қарашадағы N 301 шешімі және Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 12 қарашадағы N 102 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 08 желтоқсанда N 5251 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының Жер Кодексі" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексінің 108-бабының 5 тармағына, және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес, Қармақшы ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қармақшы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы қаулы мен шешімнің қосымшасына сәйкес Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Ақай ауылдық округінің шекарасы (шегі) жерлердің экспликациясы бойынша жалпы көлемі 679 гектар болып белгіленсін.

2. Осы қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қармақшы
ауданының әкімі
43- сессиясының төрағасы
_____ С. Мақашов

Қармақшы аудандық
мәслихатының хатшысы
_____ М. Наятұлы

Қармақшы аудандық
мәслихатының кезектен тыс
_____ О. Бодыбаев

Қармақшы ауданы әкімдігінің
2015 жылғы "12" қарашадағы
№ 102 қаулысына және
Қармақшы аудандық мәслихатының
2015 жылғы "12" қарашадағы
№ 301 шешіміне қосымша

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Ақай ауылдық округі жерлерінің экспликациясы

№	Жерлердің атауы	Жалпы көлемі (гектар)	оның ішінде (гектар):			
			құрылыстар	ауыл шаруашылығы алқаптары		басқа да жерлер
				егістік	жайылымдар	
1	Ақай ауылдық округінің шекарасы (шегі)	679	320	-	303	56

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК